

**«Ferrero Pralines Back to school»
имидждік-жарнамалық ынталандыру іс-шарасын өткізу
ЕРЕЖЕЛЕРІ
(бұдан әрі — «Акция Ережелері»)**

Алматы қ.

2026 жылғы «16» тамыз

ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Егер осы Ережелерде өзгеше тікелей көзделмесе, оларда бас әріппен қолданылатын терминдер мен анықтамалар төмендегідей түсіндіріледі:

❖ Ұнталандыру іс-шарасы немесе Акция – «Ferrero Pralines Back to school» имидждік-жарнамалық акциясы.
Акция Ferrero Rocher және Raffaello тауар белгілерімен шығарылатын өнімдерге деген қызығушылықты қалыптастыру және сақтау мақсатында өткізіледі.

❖ Акция Тапсырыс берушісі және Акция Операторы:

• **Акция Тапсырыс берушісі** – «Ферреро Казахстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 130140009072, заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық даңғылы, 192/2 үй, 5-қабат), бұдан әрі «Ұйымдастырушы» немесе «Акция Ұйымдастырушысы» деп аталады.

• **Акцияның Операторы** – «МакКенн-Эриксон Казахстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген және әрекет ететін заңды тұлға (БСН 980540001127), заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Рубинштейн көшесі, 48, Ұйымдастырушымен Акцияны өткізу туралы Шарт жасасқан, осындай Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде өз атынан, бірақ Ұйымдастырушының есебінен және тапсырмасы/тапсырысы бойынша әрекет ететін, осы Ережелерге сәйкес Акцияға қатысу нәтижесінде Акцияға қатысқаны үшін жүлделерді (Акция Жүлделерін) алуға құқығы бар тұлғаларды анықтау, сондай-ақ Акция Жүлделерін алушыларға жіберу (жеткізу) мақсатында әрекет ететін тұлға, бұдан әрі «**Оператор**» немесе «**Акция Операторы**» деп аталады.

• **Оператордың Серіктесі** – «MUSHROOMS AD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген және әрекет ететін заңды тұлға (БСН 150940018837; заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Жароков көшесі, 358а), Оператордың атынан және оның тапсырмасы бойынша Жүлделерді Жеңімпаздарға сатып алу, жеткізу және табыстау, Ұтысты қаптаманы тексеру және алып қою, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда салық агентінің міндеттерін орындау жөніндегі міндеттемелерді жүзеге асыратын тұлға (бұдан әрі – «Оператордың Серіктесі»).

❖ **Ережелер** – Акцияның осы Ережелері.

❖ **Акцияны өткізу аумағы** – Қазақстан Республикасы, мына қалалар: Астана, Ақтау, Ақтөбе, Атырау, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Петропавл, Семей, Орал, Өскемен, Алматы, Қарағанды, Шымкент, Қызылорда, Тараз және Талдықорған (бұдан әрі – «Акцияны өткізу аумағы»).

❖ **Акциялық өнім** – Акция белгісі және скретч-алаңы бар арнайы промо-қаптамаға орналастырылған Ferrero Rocher T10 125 г немесе Raffaello T7 70 г кәмпиттер қорабы.



Скретч-кабатты өшіріп, ұтыс ойынына қатысыңыз
Стриайте скретч-слой и участвуйте в розыгрыше



Толық ақпарат алу үшін сайтқа өтіңіз
За подробной информацией переходите на сайт

❖ **Акциялық қаптама** – Акциялық өнімнің скретч-алаңы бар түпнұсқа промо-қаптамасы. **Ұтысты қаптама** – қорғаныш қабатының астында ұтыс туралы жазу бар және түпнұсқалығы Ұйымдастырушы, Оператор және/немесе Оператордың Серіктесі тарапынан расталуы мүмкін Акциялық қаптама.

❖ **Жеңімпаз** – Акциялық қаптаманың қорғаныш қабатының астындағы жазуға сәйкес ұтыс түскен, Ұтысты қаптаманың түпнұсқасын сақтаған және осы Ережелердің барлық талаптарын орындаған Қатысушы.

Акция Қатысушысы – кәмелетке толған Қазақстан Республикасының азаматы не Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар шетел азаматы, Акцияны өткізу аумағында тұратын және осы Ережелерде көзделген әрекеттерді тиісінше орындаған тұлға.

Акцияның байланыс нөмірі — Акцияның ресми сайтында орналастырылған және Қатысушылар мен Жеңімпаздардың Акцияға қатысуға және Жұлделерді алуға байланысты мәселелер бойынша өтініш білдіруіне арналған +77074829373 телефон нөмірі.

1. АКЦИЯНЫ ӨТКІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ

1.1. Акцияға осы Ережелерде көзделген әрекеттерді орындаған тұтынушылар қатысады. Акция лотерея болып табылмайды.

1.2. Акция осы Ережелерге сәйкес Қатысушыларды алдын ала іріктеусіз ашық жария ынталандырушы имидждік-жарнамалық іс-шара ретінде өткізіледі.

1.3. Акцияны өткізудің жалпы мерзімі: 2026 жылғы «16» тамыздан бастап 2026 жылғы «11» қазанды қоса алғандағы кезең (бұдан әрі – «Акцияны өткізу мерзімі»), жұлдені табыстау мерзімін есепке алмағанда. Барлық күндер мен уақыт Астана қаласының уақыты бойынша көрсетіледі.

1.4. Акциялық өнімді сатып алу және қатысу нәтижесін анықтау кезеңі: 2026 жылғы «16» тамыз сағат 00:00-ден бастап 2026 жылғы «11» қазан сағат 23:59-ға дейін қоса алғанда. Акция Акциялық өнім сатылатын Акцияны өткізу аумағындағы сауда нүктелерінде өткізіледі.

1.5. Акцияны өткізу механикасы

1.5.1. Акцияға қатысу үшін арнайы промо-қаптамадағы Ferrero Rocher T10 125 г немесе Raffaello T7 70 г кәмпиттер қорабын – Акциялық өнімді сатып алу қажет.

1.5.2. Акциялық өнімді сатып алғаннан кейін Қатысушы промо-қаптамадағы скретч-алаңның қорғаныш қабатын өшіреді және қорғаныш қабатының астында орналасқан жазуға сәйкес қатысу нәтижесін анықтайды: ұтыс немесе ұтыстың болмауы.

1.5.3. Ұтыс болған жағдайда Қатысушы Ұтысты қаптаманың түпнұсқасын сақтауға, Акцияның Байланыс нөмірі бойынша хабарласуға және ұтысты тексеру мен Жұлдені жеткізу үшін қажетті мәліметтерді ұсынуға міндетті. Жұлде тексеруден және Ұтысты қаптаманың түпнұсқасын курьерге тапсырғаннан кейін курьер арқылы табысталады.

2. АКЦИЯ ЖҮЛДЕЛЕРІ

2.1. Акцияны өткізу кезеңінде Жұлде ретінде Жұлделердің келесі санаты ұсынылады:

Ferrero Rocher T6 75 г және Raffaello T7 70 г жиынтығы – 900 (тоғыз жүз) дана;

2.2. Ережелерде көрсетілген Акция Жұлделері Ұйымдастырушы Акцияның өткізілуі туралы Қатысушыларды ақпараттандыру мақсатында сайтта, Instagram ресми парақшасында орналастырылатын жарнамалық-ақпараттық материалдарда пайдаланатын осы Жұлделердің кез келген фотосуреттерінен немесе графикалық бейнелерінен өзгеше болуы мүмкін. Акция Жұлделерінің түрі, ассортименті, түстері, басқа да параметрлері мен сипаттамалары Ұйымдастырушының қалауы бойынша айқындалады және Қатысушылардың күткеніне сәйкес келмеуі мүмкін.

2.3. Ережелерде заттай нысанда айқындалған Жұлде(-лер) құнының ақшалай баламасы төленбейді, сондай-ақ Қатысушылардың / Жеңімпаздардың қалауы бойынша Жұлде(-лер)ді Ұйымдастырушы ауыстырмайды.

2.4. Жұлделер саны шектеулі.

2.5. Жұлделер туралы ақпараттық түсінік беретін Жұлделердің бейнелері жарнамалық материалдарда ұсынылған, алайда олар Жеңімпаздарға табысталатын Жұлделерден өзгеше болуы мүмкін.

2.6. Ұйымдастырушы өзіне байланысты емес себептер бойынша Жұлделердің санын, жинақтамасын, түрін және өзге де сипаттамаларын Акция Ережелеріне өзгерістер енгізу арқылы өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

3. АКЦИЯ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

3.1. Акцияға оған қатысу сәтінде 18 (он сегіз) жасқа толған, осы Ережелердің талаптарын орындаған Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар шетел азаматтары қатысуға құқылы (бұдан әрі — «Қатысушылар»).

3.2. Акцияға қатысуға төмендегі тұлғалар жіберілмейді:

- кәмелетке толмаған тұлғалар;
- Ұйымдастырушының, Оператордың, олардың аффилиирленген тұлғалары мен мердігерлерінің қызметкерлері және уәкілетті өкілдері, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері (жұбайы, ата-анасы, балалары, аға-інілері, апа-сінділері, асырап алушылары және асырап алынған балалары);
- Акцияны ұйымдастыруға және/немесе өткізуге тікелей немесе жанама түрде тартылған өзге де тұлғалар.

3.3. Акцияның Байланыс нөмірлері бойынша хабарласу және Жұлдені алу үшін деректерді ұсыну Қатысушының:

- осы Ережелермен танысқанын;
- Акцияға қатысу шарттарын толық және сөзсіз қабылдайтынын;

- тегін, атын, телефон нөмірін, қаласын, жеткізу мекенжайын, қатысу нәтижесі туралы мәліметтерді және ұтысты тексеру мен Жүлдені табыстау үшін қажетті өзге де деректерді жинауға және өңдеуге келісім беретінін білдіреді.

3.4. Қатысушының дербес деректерін өңдеуге берген келісімі оның Акцияның Байланыс нөмірлері бойынша хабарласуы және тиісті деректерді Операторға және/немесе Оператордың Серіктесіне ерікті түрде ұсынуы кезінде тіркеледі.

3.5. Ұйымдастырушы, Оператор және/немесе Оператордың Серіктесі Жеңімпаздан тек Жүлдені алушының жасын және жеке басын растау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес туындаған жағдайда салықтық міндеттемелерді орындау мақсатында жеке басын куәландыратын құжатты сұратуға құқылы.

3.6. Қатысушы дәйексіз, толық емес немесе қате деректер ұсынған жағдайда, сондай-ақ Ережелердің талаптарын бұзған кезде, Ұйымдастырушы, Оператор және/немесе Оператордың Серіктесі мұндай тұлғаның Акцияға қатысуына рұқсат бермеуге немесе қатысу нәтижелерін өтемақысыз жоюға құқылы.

3.7. Қатысушылар Акциялық өнімді сатып алуға және Акцияның Байланыс нөмірлері бойынша хабарласуға байланысты шығыстарды өздері көтереді. Жүлдені Жеңімпазға курьер арқылы жеткізу шығыстарын Оператордың Серіктесі көтереді.

3.8. Акцияға қатысу Қатысушыға Ferrero Rocher, Raffaello тауар белгілеріне және Ұйымдастырушы мен үшінші тұлғалардың зияткерлік меншік объектілеріне қандай да бір құқық бермейді.

4. АКЦИЯҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

4.1. Акцияға қатысу үшін Акцияны өткізу мерзімі ішінде және Акцияны өткізу аумағында Қатысушы келесі әрекеттерді орындауы қажет:

4.1.1. Скретч-алаңы бар арнайы промо-қаптамадағы Акциялық өнімнің кемінде бір бірлігін сатып алу.

4.1.2. Акциялық қаптаманың түпнұсқалығын тексеру үшін қажетті жазуға және қаптаманың өзге де элементтеріне зақым келтірмейтіндей етіп скретч-алаңның қорғаныш қабатын абайлап өшіру.

4.1.3. Қорғаныш қабатының астындағы жазуға сәйкес қатысу нәтижесін анықтау. Егер жазуда ұтыстың жоқ екені көрсетілсе, осы Акциялық қаптама бойынша қатысу аяқталды деп есептеледі.

4.1.4. Егер жазуда ұтыс бар екені көрсетілсе, Ұтысты қаптаманың түпнұсқасын сақтау және Акцияны өткізу мерзімі ішінде Акцияның Байланыс нөмірлері бойынша хабарласу.

4.1.5. Операторға және/немесе Оператордың Серіктесіне тегін, атын, телефон нөмірін, қаласын және жеткізу мекенжайын хабарлау, сондай-ақ сұрату бойынша алдын ала тексеру жүргізу үшін Ұтысты қаптаманың фотосуретін жіберу.

4.1.6. Көрсетілген телефон нөмірі бойынша байланысу мүмкіндігін қамтамасыз ету және Жүлдені жеткізу күнін, уақытын және мекенжайын курьермен келісу.

4.2. Бір Акциялық қаптама бір рет қатысуға және ұтыс болған жағдайда бір Жүлде алуға құқық береді. Бір Акциялық қаптаманы қайта ұсынуға жол берілмейді.

4.3. Акцияға тек қолдан жасалғаны немесе қорғаныш қабатының астындағы жазуы өзгертілгені белгілері жоқ түпнұсқа Акциялық қаптамалар қабылданады. Түпнұсқалығын немесе жазудың мазмұнын растауға мүмкіндік бермейтін зақым Жүлдені беруден бас тартуға негіз болып табылады.

4.4. Жүлдені алған кезде Қатысушы курьерге Акцияға ұтысты қатысу жүзеге асырылған Акциялық қаптаманы (промо-қаптаманы), оның бетінде өшірілген скретч-қабаты және көрсетілген ұтысты белгісі бар күйінде, беруге міндетті. Көрсетілген Акциялық қаптаманы беру Жүлдені алудың міндетті шарты болып табылады. Бір Акциялық қаптама Жүлдені алу үшін тек бір рет пайдаланылуы мүмкін. Акциялық қаптама курьерге берілгеннен кейін мұндай қаптаманы Акцияға қатысу немесе Жүлдені алу үшін қайта пайдалануға жол берілмейді. Акция мерзімі ішінде Қатысушы 5 (бес) Жүлдеден артық ала алмайды.

4.5. Акцияның Байланыс нөмірлері бойынша хабарласу және Жүлдені алу үшін деректерді беру Қатысушының ерікті түрде жүзеге асырылады және оның осы Ережелермен келісімін растайды.

4.6. Жүлдені алғанға дейін Жеңімпаз Ұтысты қаптаманың түпнұсқасының сақталуын қамтамасыз етуге, оны үшінші тұлғаларға бермеуге және скретч-алаңға немесе қаптаманың өзге де элементтеріне өзгерістер енгізбеуге міндетті.

4.7. Ұтысты қаптаманың фотосуреті және телефон арқылы хабарланған мәліметтер тек алдын ала тексеру үшін пайдаланылады. Жүлдеге құқықтың түпкілікті расталуы курьер Ұтысты қаптаманың түпнұсқасын қарап шыққаннан кейін жүзеге асырылады.

4.8. Жеткізу сәтінде Ұтысты қаптаманың түпнұсқасының болмауы немесе оны курьерге беруден бас тарту бұрын жіберілген фотосуреттерге немесе хабарланған мәліметтерге қарамастан Жүлденің берілуін болдырмайды.

5. ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ АЙҚЫНДАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ХАБАРДАР ЕТУ ТӘРТІБІ

5.1. Қатысу нәтижесі Акциялық қаптаманың скретч-алаңының қорғаныш қабаты өшірілгеннен кейін бірден анықталады.

5.2. Акциялық қаптаманың қорғаныш қабатының астында ұтыс туралы жазу бар Қатысушы алдын ала Жеңімпаз болып танылады.

5.3. Ұтыс туралы жазу Ұтысты қаптаманың түпнұсқалығы тексерілгенге дейін Жүлдеге құқықтың алдын ала расталуы болып табылады.

5.4. Жүлдені алу үшін Жеңімпаз Акцияның Байланыс нөмірлері бойынша өзі хабарласып, осы Ережелерде көзделген мәліметтерді хабарлайды.

- 5.5.** Оператор және/немесе Оператордың Серіктесі Жеңімпаздың хабарласуын тіркейді және алдын ала тексеру үшін Ұтысты қаптаманың фотосуретін сұратуға құқылы.
- 5.6.** Алдын ала тексеру жүргізілгеннен кейін Жеңімпазбен Жүлдені жеткізу күнін, уақытын және мекенжайын келісу үшін курьер байланысады.
- 5.7.** Ұйымдастырушы, Оператор және Оператордың Серіктесі Жеңімпазбен ол көрсеткен нөмірдің қолжетімсіз болуына, байланыс деректеріндегі қателерге, байланыс операторы желісінің іркілістеріне немесе көрсетілген тұлғаларға байланысты емес өзге де мән-жайларға байланысты байланысу мүмкін болмағаны үшін жауапкершілік көтермейді.
- 5.8.** Даулы жағдайларда ұтысты растау туралы шешімді Ұйымдастырушы Ұтысты қаптаманың түпнұсқасын тексеру нәтижелері мен қолда бар өзге де материалдар негізінде қабылдайды. Бұл Қатысушының Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құқықтарын шектемейді.
- 5.9.** Хабарласу, тексеру нәтижелері және Жүлделерді беру туралы мәліметтер Оператор және/немесе Оператордың Серіктесі тарапынан тіркеледі және Акцияны өткізу, Жүлделерді беру және Ұйымдастырушы алдында есептілік жүргізу үшін пайдаланылады.

6. ЖҮЛДЕЛЕРДІ ЖЕТКІЗУ ЖӘНЕ БЕРУ ТӘРТІБІ

- 6.1.** Жүлде Жеңімпазбен телефон арқылы келісілген Акцияны өткізу аумағындағы мекенжай бойынша курьер арқылы Жеңімпазға жеткізіледі. Жүлдені жеткізу Жеңімпаз 6.5-тармаққа сәйкес деректерді ұсынғаннан кейін 1 (бір) ай ішінде жүзеге асырылады.
- 6.2.** Жүлдені курьер арқылы жеткізу Оператор Серіктесінің есебінен жүзеге асырылады. Жеткізу күні мен уақыты Жеңімпазбен алдын ала келісіледі.
- 6.3.** Жүлдені берер алдында курьер Ұтысты қаптаманың түпнұсқасының бар-жоғын және оның сыртқы түпнұсқалық белгілерін, ал қажет болған жағдайда – кәметке толған алушының жеке басын тексереді.
- 6.4.** Егер Ұтысты қаптаманың түпнұсқасы осы Ережелерге сәйкес келсе, курьер Жеңімпазға тиісті Жүлдені береді.
- 6.5.** Жеткізуді ұйымдастыру үшін Жеңімпаз өзінің тегін, атын, телефон нөмірін, қаласын және жеткізу мекенжайын ұсынады. Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) және жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын орындау қажет болған жағдайда ғана сұратылады.
- 6.6.** Ұсынылған деректер Жүлдеге құқықты тексеру, жеткізуді ұйымдастыру, Жүлденің берілгенін растау, салықтық міндеттемелерді орындау және Акция бойынша есептілік жүргізу үшін пайдаланылады.
- 6.7.** Қажетті деректерді ұсынбау, дәйексіз немесе толық емес мәліметтерді ұсыну, Ұтысты қаптаманың түпнұсқасының болмауы, оның қолдан жасалғаны немесе өзгертілгені белгілерінің анықталуы, сондай-ақ оны курьерге беруден бас тарту Жүлдені беруден бас тартуға негіз болып табылады.
- 6.8.** Жүлдені алу кезінде Жеңімпаз бір мезгілде Ұтысты қаптаманың түпнұсқасын курьерге береді. Берілген Ұтысты қаптама Жеңімпазға қайтарылмайды және Жүлденің берілгенін растау және оны қайта ұсынуға жол бермеу үшін пайдаланылады.
- 6.9.** Жүлдені алу қабылдау-тапсыру актісімен, қолхатпен, курьерлік қызметтің құжатымен және/немесе Жүлденің Жеңімпазға берілген фактісін анық растауға мүмкіндік беретін өзге де тәсілмен расталады.
- 6.10.** Қатысушыларға байланысты себептер бойынша берілмеген Жүлделер Акция аяқталғаннан кейін Ұйымдастырушының иелігінде қалады және оның қалауы бойынша пайдаланылады.

7. ӨЗГЕ ШАРТТАР. ЖАУАПКЕРШІЛІК

- 7.1.** Қатысушы осы Ережелерде белгіленген міндеттерді бұзған жағдайда, соның салдарынан Ұйымдастырушыға, Операторға және/немесе Оператордың Серіктесіне құжатпен расталған залал келтірілсе, Қатысушы мұндай залалды Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өтеуге міндетті.
- 7.2.** Ұйымдастырушы, сондай-ақ Акцияны ұйымдастыруға және өткізуге ол уәкілеттік берген тұлғалар өз кінәсінен болмаған байланыс операторының немесе интернет-провайдердің желісіндегі техникалық ақаулар үшін жауапкершілік көтермейді.
- 7.3.** Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Ұйымдастырушы Қатысушының қате әрекеттерінің немесе әрекетсіздігінің салдары үшін, оның ішінде Қатысушы шеккен шығыстар үшін жауапкершілік көтермейді.
- 7.4.** Ұйымдастырушы талап етілмеген Жүлделерді өз қалауы бойынша пайдалануға құқылы.
- 7.5.** Ұйымдастырушы, Оператор және Оператордың Серіктесі төмендегілер үшін жауапкершілік көтермейді:
- Қатысушылардың Акцияға қатысуға байланысты міндеттерді орындамауы / уақтылы орындамауы;
 - Қатысушылардың Акция Ережелерімен таныспауы немесе оларды қате түсінуі, сондай-ақ Акцияны өткізу нәтижелерімен таныспауы;
 - Қатысушылардан хаттарды, қоңырауларды және/немесе электрондық хабарламаларды алмау, оның ішінде пошта қызметінің, байланыс ұйымдарының кінәсінен, техникалық проблемалар және/немесе Акцияны өткізу кезінде пайдаланылатын Интернет желісіндегі және/немесе байланыс арналарындағы алаяқтық нәтижесінде алынбауы;
 - Жүлделерді алу үшін қажетті құжаттарды және/немесе мәліметтерді Қатысушылардан алмау / уақтылы алмау;
 - Қатысушылардан Акцияны өткізу және Акция Жүлделерін беру үшін қажетті толық емес және/немесе дұрыс емес байланыс және/немесе өзге де мәліметтерді, дербес деректерді алу;
 - Қатысушының Акцияға қатысуына және/немесе Акция Жүлдесін алуына байланысты шеккен кез келген шығыстары және/немесе залалдары;

- форс-мажор жағдайлары туындаған жағдайда, оның ішінде төтенше жағдай режимінің, карантиннің және/немесе кез келген өзге де шектеу шараларының енгізілуіне байланысты, оның ішінде коронавирус пандемиясына байланысты жағдайларда.

7.6. Қатысушылар Акцияға қатысуына байланысты өздері шеккен шығыстарды дербес төлейді, бұған осы Ережелердің 6.2-тармағына сәйкес Оператордың Серіктесі көтеретін Жүлдені курьер арқылы жеткізу шығыстары жатпайды.

7.7. Ұйымдастырушы, Оператор және Оператордың Серіктесі Ұтысты қаптаманың тиесілігіне қатысты үшінші тұлғалар арасындағы даулар үшін жауапкершілік көтермейді. Жүлдені беру туралы шешім Ұтысты қаптаманың түпнұсқасын осы Ережелер мен Қазақстан Республикасының заңнамасын ескере отырып тексергеннен кейін қабылданады.

7.8. Телефон нөмірінің тиесілігіне қатысты дауларды мүдделі тұлғалар өздері дербес шешеді. Жүлде Ұтысты қаптаманың түпнұсқасын ұсынған, Ережелерде көзделген тексеруден өткен және қажетті деректерді ұсынған тұлғаға беріледі.

7.9. Жүлде берілгеннен кейін Жеңімпаз оны мақсатына және дайындаушының ақпаратына сәйкес сақтауға және пайдалануға дербес жауапты болады.

8. САЛЫҚТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

8.1. Жүлдені алуға байланысты салықтық салдар Жүлдені табыстау күнінде қолданыста болатын Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес айқындалады.

8.2. Жеңімпаздарға Жүлделерді табыстауға байланысты туындайтын салықтық міндеттемелерді Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Оператордың Серіктесі салық агенті ретінде орындайды.

8.3. Жүлдені табыстауға байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салық агенті есептеуге, ұстап қалуға және төлеуге тиіс салықтар мен өзге де міндетті төлемдерді Оператордың Серіктесі орындайды.

8.4. Егер нақты Жүлдені алу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтық міндеттемелердің туындауына әкеп соқпаса, Жеңімпаздан салықтық мақсаттар үшін қосымша құжаттар сұратылмайды.

8.5. Ұйымдастырушы, Оператор және/немесе Оператордың Серіктесі Жеңімпаздан қолданылатын салықтық міндеттемелерді орындау үшін қажетті көлемде ғана ЖСН және жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді сұратуға құқылы.

9. АКЦИЯ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ КӨЗДЕРІ

9.1. Қатысушылар Акцияның шарттары, мерзімдері, аумағы және жүлде қоры туралы келесі тәсілдер арқылы хабардар етіледі:

- Акция Ережелерінің толық мәтінін Акцияның ресми сайтында орналастыру және Қатысушыларға Акцияны өткізу мерзімі ішінде олармен танысу мүмкіндігін беру;
- Ferrero Rocher және/немесе Raffaello брендтерінің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында және/немесе Ұйымдастырушының сайтында Акция туралы ақпараттық хабарламаларды жариялау.

9.2. Жарнамалық материалдардағы Акция туралы қысқаша ақпарат пен осы Ережелердің толық мәтіні арасында қайшылық болған жағдайда, осы Ережелердің мәтіні басымдыққа ие болады.

9.3. Осы Ережелер жалпыға қолжетімді құжат болып табылады және Ұйымдастырушы бекіткен редакцияда қолданылады.

10. АКЦИЯНЫ ТОҚТАТУ, ШАРТТАРЫН ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ТОҚТАТУ

10.1. Ұйымдастырушы өзіне байланысты емес мән-жайлар туындаған жағдайда, оның ішінде форс-мажорлық жағдайлар, заңнаманың өзгеруі, сауда желілері тарапынан қойылған шектеулер және өзге де болжанбаған факторлар болған кезде осы Ережелерге өзгерістер енгізуге, Акцияны тоқтата тұруға, оның мерзімін ұзартуға немесе Акцияны мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

10.2. Ережелерге өзгерістер енгізілген, Акция тоқтатыла тұрған немесе мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Ұйымдастырушы, Оператор және/немесе Оператордың Серіктесі Қатысушыларды төмендегі тәсілдердің бірі немесе бірнешеуі арқылы жария түрде хабардар етеді:

- Акциялық қаптамадағы және/немесе Акцияның ақпараттық материалдарындағы QR-код арқылы қолжетімді бетте ақпарат орналастыру;
- Ferrero Rocher және/немесе Raffaello брендтерінің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында және/немесе Ұйымдастырушының сайтында хабарлама жариялау.

10.3. Егер тиісті хабарламада өзге мерзім көрсетілмесе, өзгерістер ресми жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.

10.4. Акция тоқтатыла тұрған немесе мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Ұйымдастырушы Акцияны тоқтата тұру немесе тоқтату күніне дейін Жүлдеге құқығы расталған Қатысушыларға Жүлделердің берілуін қамтамасыз етеді.

10.5. Акцияны тоқтата тұру немесе мерзімінен бұрын тоқтату тиісті күнге дейін Жүлдеге құқығы расталған Жеңімпаздар алдындағы міндеттемелерді Ұйымдастырушыны, Операторды және Оператордың Серіктесін орындаудан босатпайды.

11. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР

11.1. Осы Ережелерде дербес деректер деп белгілі бір немесе солардың негізінде анықталатын дербес деректер субъектісіне қатысты және электрондық, қағаз және/немесе өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген мәліметтер түсініледі.

11.2. Дербес деректерді жинау және өңдеу деп Акцияны өткізу үшін қажетті дербес деректермен жасалатын әрекеттер, оның ішінде алу, жазу, жүйелеу, жинақтау, сақтау, өзгерту, толықтыру, пайдалану, Ережелерде көзделген жағдайларда беру, иесіздендіру, бұғаттау және жою түсініледі.

11.3. Осы бөлімде Қатысушылар деп Акцияға қатысу және Жүлдені алу мақсатында Ұйымдастырушыға, Операторға және/немесе Оператордың Серіктесіне дербес деректерін ұсынған тұлғалар түсініледі.

11.4. Акцияның Байланыс нөмірлері бойынша хабарласу және дербес деректерді ерікті түрде ұсыну арқылы Қатысушы оларды Ұйымдастырушының, Оператордың, Оператор Серіктесінің және тартылған курьерлік қызметтің тек Акцияны өткізу мақсатында, атап айтқанда:

- Қатысушының жеке басын анықтау және оның Жүлдені алуға құқығын растау;
- Қатысушымен байланысу, Жүлдені жеткізу және табыстауды келісу;
- қолданылатын салықтық міндеттемелерді орындау және Акция бойынша есептілікті дайындау мақсатында жинауға және өңдеуге келісін растайды.

11.5. Дербес деректер көрсетілген мақсаттарға қажетті тәсілдермен өңделуі және Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын жеткізу, есептілік жүргізу және орындау үшін қажетті көлемде ғана курьерлік қызметке, Ұйымдастырушыға және мемлекеттік органдарға берілуі мүмкін.

11.6. Дербес деректерді өңдеу Ұйымдастырушы, Оператор және Оператордың Серіктесі тарапынан Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңын сақтай отырып жүзеге асырылады.

11.7. Қатысушы дербес деректерді ерікті түрде ұсынады, олардың дұрыстығын растайды және Акцияны өткізу және Жүлдені алу үшін қажетті көлемде оларды жинауға және өңдеуге келіседі.

11.8. Ұйымдастырушы, Оператор және Оператордың Серіктесі дербес деректерді құқыққа қайшы немесе кездейсоқ қол жеткізуден, өзгертуден, бұғаттаудан, жоюдан және өзге де құқыққа қайшы әрекеттерден қорғау үшін қажетті құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдайды.

11.9. Дербес деректерді жинау және өңдеу кезінде Ұйымдастырушы, Оператор, Оператордың Серіктесі және олар тартқан тұлғалар:

- Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау саласындағы қолданылатын барлық заңнама талаптарын, оның ішінде «Дербес деректер туралы» Заңда белгіленген дербес деректер операторының қағидаттарын, талаптарын және міндеттемелерін сақтай отырып, дербес деректерді жинауды және өңдеуді қамтамасыз етуге;
- дербес деректерді тек Акцияны өткізу үшін қажетті көлемде және осы мақсатта ғана өңдеуге. Дербес деректер субъектілеріне қандай да бір өнімдер мен көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат беру мақсатында, сондай-ақ кез келген өзге де мақсаттарда дербес деректерді пайдалануға және өңдеудің өзге де түрлерін жүзеге асыруға жол берілмейді;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше рұқсат етілмесе, дербес деректерді Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан дерекқорларды пайдалана отырып жинауды және сақтауды қамтамасыз етуге;
- дербес деректерді Қазақстан Республикасының аумағындағы дерекқорларда сақтауға;
- Ұйымдастырушы және/немесе Оператор Акция Қатысушыларының алдындағы өз міндеттемелерін орындау мақсатында Акция Қатысушыларының дербес деректерін үшінші тұлғаларға беруге немесе өзге де жолмен ашуға тиіс болған жағдайда – көрсетілген әрекеттерді «Дербес деректер туралы» Заңның талаптарын сақтай отырып жүзеге асыруға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес дербес деректерді жинау және өңдеу кезінде олардың қорғалуына, қауіпсіздігі мен құпиялылығын қамтамасыз етуге жауапты болуға міндеттенеді.

11.10. Дербес деректер Акцияны өткізуге, Жүлделерді беруге, есептілікті дайындауға және Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын орындауға қажетті мерзім ішінде сақталады, содан кейін оларды одан әрі сақтауға өзге де заңды негіздер болмаған жағдайда жойылуға тиіс.

11.11. Қатысушы Акцияның Байланыс нөмірлері бойынша хабарласып және Қатысушыны және оның өтінішін сәйкестендіруге мүмкіндік беретін мәліметтерді ұсына отырып, дербес деректерді жинауға және өңдеуге берген келісін қайтарып алуға құқылы. Жүлдені алғанға дейін келісімді қайтарып алу ұтысты одан әрі тексеру және Жүлдені беру мүмкіндігін болдырмайды.

11.12. Келісімді қайтарып алу туралы хабарлама алынғаннан кейін дербес деректерді өңдеу тоқтатылады, ал деректер егер оларды одан әрі сақтау заңда белгіленген міндеттемелерді орындау үшін талап етілмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мерзімде және тәртіппен жойылады.

11.13. Ұйымдастырушы, Оператор және/немесе Оператордың Серіктесі осы Ережелерді бұзған тұлғаны Акцияны өткізу мерзімі ішінде кез келген уақытта Акцияға қатысудан шеттетуге құқылы.

11.14. Ұтысты тексеруге немесе Жүлдені жеткізуге кедергі келтіретін өзекті емес, дәйексіз, нақты емес немесе толық емес деректерді ұсыну тиісті бұзушылық жойылғанға дейін Ұйымдастырушыны, Операторды және Оператордың Серіктесін Жүлдені беру міндетінен босатады.

